Оралхан Бөкейдің мерейтойына орай өткізілген танымдық сабақ

«Өмірі өнегелі қаламгер»

Мақсаты: Оқушыларды жазушы – Оралхан Бөкейдің өмірбаянымен, шығармаларымен таныстыру;

Дүниетанымдарын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік жасау;

Ұлтжандылыққа, қамқорлыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу, өз елінің біртуар азаматтарына деген мақтаныш сезімдерін ояту.

Көрнекіліктері: Оралхан Бөкей туралы, буклет, шығармалары.

Түрі: ауызша журнал

Жоспары:

1-бет. Жазушының өмірбаяны

2-бет. Жазушы аға бейнесі

3-бет. Менің пірім – Оралхан

4-бет.Оралхан туралы ойлар

Мұғалімнің кіріспе сөзі

Тау қойнауы өзендер мен бұлақтар

Шөліркеген тыныс алып тұрақтар.

Еуропа жұрты Швейцария деп таныған

Ал сіздерге бұл қай жер деген сұрақ бар? (Жауап)

Жақсыларға айқара ашып есігін,

Катон осы – дарындылар бесігі.

Шығармасы жарты әлемге әйгілі

Жазушы бар біз білетін есімін. (Оралхан Бөкей)

І бет. Жазушының өмірбаяны

ІІ бет.Жазушы аға бейнесі

. Мектеп кітапханашысы жазушының шығармаларымен таныстырды.

Өзге тілде жарық көрген шығармаларымен сынып жетекшісі таныстырды.

Халық берген сый...(жазушының марапаттары)

7-сынып оқушысы – халбай Махбуба Оралхан туралы шығармасын оқып берді.

Жазушы туралы ойлар

Міндің де «Кербұғыны» «Мұзтауды» аңдып,

«Текетірес» тортуыл. Біз таңғалдық.

Жолығып ойда жоқта «Қар қызымен»

Өсірдің « Қасқа құлын»жүз тарландық.

Бұзатын «Сайтан көпір»дәрі қайдан?

«Құмдағы шағылдардың» ірі лайдан.

«Өшірмей өз отыңды» келе жатып,

Оралхан! Жүрген ерің - «Бәрі майдан».

( Төлеген Рақымжанұлы) айтқан екен

Оралхан шығармалары шаршы әлемнің талай тілдеріне аударылды. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүйікті, ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымалдылыққа ие болды. Алыс-жақын елдерде «қазақ» деген сөзбен қабаттаса айтылатын азғантай тұлғалардың біріне айналды.

Оралхан азғантай ғұмырында асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де көтере білді. (Әбіш Кекілбаев)

Меніңше, жазушы парызы – өміршең шығармалар тудыру болса, оқырмандар парызы – оны рухани игілікке жарату болмақ. Ал оқырмандар дегеніміз – өзіміз, оның артында қалған жерлестері мен көзі тірі замандастары. (М.Қабимолдин)

Жазушы Оралхан Бөкей – туған өлкесі әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы. Оның шығармалары Алтай өлкесінің Гимні іспеттес... (Академик Рәбиға Сыздық)

Мұғалімнің қорытынды сөзі.

Оқушылар өз ойларымен бөлісті бір –бірімен ашық әңгіме құрды. Оралхан. Бөкей туралы біраз мағлұматтар алдыңдар деп ойлаймын

Мәлімет

«Суындық» жалпы білім беретін мектепте мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында О.Бөкейдің туғанына 80 жылдығына орай көрме жасалып 6- сынып оқушыларына таныстырылды.

